

## ЕЛІМІЗДЕ ҚАЛА ТУРИЗМІН ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

**Мусабаева Асемкуль Канановна**

[asemgul\\_dream@mail.ru](mailto:asemgul_dream@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 6D090200 – «Туризм»  
мамандығының 1 курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.А. Дуйсембаев

Қала туризмі кешенді құбылыс ретінде осыдан 10-15 жыл бұрын Еуропада таныла бастады. Себебі, мәдениетке толы және зияткерлік әлеуеті бар, қызмет көрсетудің инфрақұрылымы жақсы дамыған ірі қалалар әлеуетті туристер үшін кешенді туристік өнім болып табылды. Қазіргі таңда қала туризмі Батыс Еуропадан Шығыс Еуропаға барлық жаңа дестинациядағы қажеттіліктерге бет бұруда.

Қала туризмі құбылысы қаладағы жәй туризм емес, ол кешенді туристік өнімді пайдаланудың жаңа сапасы ретінде қолданыста. Тұтынушыға «қала атмосферасы», яғни заманауи дизайн тақырыптары, гастрономия, авторлық сәулет, көше қозғалыстары мен мәдениеті, тақырыптық және дизайнерлік қонақ үйлер, т.б. қатты әсер етеді. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы – еліміздегі ірі және экономикасы дамыған қалалардың бірі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Еліміздің ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі – Қазақстан экономикасына тікелей шетел инвестицияларының ағынын әртараптандыру болып табылады. Оларды әлеуеті жоғары салаларға, мысалы туризм саласына бағыттау қажет», – деп атап өткен болатын. Қала туризмін дамытуда инвестор басты субъект, бірақ инвестор пайда көрмейтін бизнеске немесе мүлікке ақша құймайтындығын да ескеру қажет. Әрине, бұл жағдайда қала географиясын жетік меңгеріп, туристерге қолайлы атмосфера сыйлайтын, сұранысын қамтамасыз ететін аймақты таңдау арқылы қаланың танымалдылығын арттырып, беделді имидж қалыптастырамыз.

Қала туризмін дамытудағы басты мәселе қоғамның белсене араласпауы, шет елдердегідей нарықта бәсекеге қабілетті ету үшін мемлекет, қоғам және туристік бизнесті жаңа дамытылған жүйемен құру керек. Еліміздегі туристік саясаттың басты мақсаты – келген туристі қызықтыру, демалу уақытын дұрыс ұйымдастыру және сұранысын барынша қамтамасыз ету.

Еліміздің жері кең, бай және туристік объектілері көп аймаққа толы. Алайда, сол жерлерді туристердің сұранысына сай дамыту жолдары әлі де толықтай қолға алынбаған. Тоқтап қалған немесе дамымаған туристік аймақтардың басты мәселелерін атап өтсек:


- туристік инфрақұрылымның төмен дамуына қарамастан бағаны жоғары қою;
- туристік нарықта қатысушылардың бытыраңқылығы;
- нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіз дамуы;
- туристердің мінез-құлқын, қызығушылығын есепке алмай, мәдени орындардың жүйесіз орналасуы.

Экономиканың негізі ретінде туризм саласы жергілікті өңірден бастап тұтастай ел болып мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуына ықпал ететін маңызды катализатор болып есептеледі (Сурет 1).

Қазіргі таңда саланы дамытудың біріктірілген міндеті бойынша мақсатты индикатор 2025 жылға қарай елдің ЖІӨ құрылымында туризм саласының үлесін шамамен 8 %-ға жеткізу міндеті тұр [1].

Қазақстан өзінің экономикалық саясатында бәсекеге қабілеттілікті арттырудың әлеуеті басым салалармен бәсекеге қабілетті экономика моделін таңдауды айқындады, нәтижесінде туризм саласында кластер аймақтары анықталды, заманауи талапқа және тұтынушының сұранысын қамтамасыз етуге қабілетті жаңа әрі жылдам технологияларға негізделген smart қалаларды қалыптастыру алғышарттары туындады.

Еуразия жүрегінде орналасқан Нұр-Сұлтан қаласының туристік әлеуеті соңғы жылдардағы халықаралық масштабта өткізіліп жатқан мәдени-саяси шаралар есебінен айтарлықтай өсті. Осыған орай елордамызда туристік индустрияны сипаттайтын бірнеше бағыттар дамуда: қоғамдық көлік және тамақтану жүйесі қаланың туризмді дамытудағы мүмкіндіктерін халықаралық деңгейде ілгерілетуге себепші. Туризм саласының жоғары қарқынмен дамуы – елдің әлеуметтік-экономикалық өсуіне оң ықпал ететін факторлардың бірі.



Сурет 1. Туризмнің экономикадағы рөлі

Елордамызда туризм саласының МІСЕ, медициналық, бизнес туризмі бағыттары жақсы дамуда. Әсіресе, іскерлік мақсаттағы кездесулердің ұйымдастырылу деңгейі өзгелерге қарағанда басымырақ. Мысалы, өткізілетін іс-шараның күрделілік сипаты бойынша сұранысқа жауап беретін 130-дан аса мекеме бар.


- Қала туризмі мемлекетіміздің астанасы ретінде Нұр-Сұлтан ішкі және сыртқы туристердің үлкен легін тартады, мысалы, 2017 жылы ЭКСПО-2017 көрмесін өткізудің арқасында Нұр-Сұлтанға екі миллионнан астам турист келді;

- Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласында шет елден арнайы оқып келген білікті мамандар мен жаңа медициналық құралдардың көмегімен медициналық туризмді дамытудың әлеуеті жоғары. Қазіргі уақытта әрбір медициналық орталық медицина саласына сұранысы бар туристерді тарту бойынша жұмыстар жасауда.

- Оқиғалы туризм осы бағытқа елордамыз 2017 жылы жазда өткізілген халықаралық көрмеден бастап көңіл бөлуде. Елорда ЭКСПО халықаралық көрмесі өткізілгеннен кейін «ТМД-дағы іскерлік және оқиғалы туризмнің үздік қаласы» атағын иеленіп те үлгерді [2].

Сонымен қатар Нұр-Сұлтаннан бір топ делегат Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында жақында өткен МІТТ-2019 көрмесінде Kazakhstan Adventure лозунгі аясында «Қазақстандағы оқиғалар» көрінісін ұйымдастырып шетел азаматтарын елімізге шақырды.

Нұр-Сұлтан қаласында туризмнің бірнеше бағыттары дамығандықтан келуші шетел азаматтарының қай елден екенін анықтау маңызды. Төменде келтірілген суретте Нұр-Сұлтан қаласына әлемнің өзге аймақтарынан жиі келетін алғашқы он ел көрсетілген, әрине, алдыңғы орынды Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан тәрізді көрші елдер алып отыр. Ал, экономикасы дамыған АҚШ, Германия және Оңтүстік Корея елдері елордаға іскерлік мақсатта сапар шегіп жиі келетіндіктен ондыққа енген (Сурет 2).



Сурет 2. Нұр-Сұлтан қаласына шет мемлекеттен келетін ондық ел, мың турист (2018 ж. бойынша)

«Елорда тұрғындары қай елдерге саяхаттайды?» деген сұрақты талдасақ, халқымыз туризм саласына өте қатты көңіл бөлген, қызмет көрсету деңгейі жақсы және бағасы қолжетімді Түркия, БАӘ, Тайланд сынды үздік елдерді таңдайды (Сурет 3). Талғамдағы басты себеп – Түркия мен Тайланд елдеріндегі жағажай туризмі, қолайлы климат, орталықтанған инфрақұрылым, елге келген қонақты қызықтырып баурап алатын түрлі шаралар. БАӘ-де сафари дүние жүзінің миллиондаған туристерін өздеріне ағылтып жатыр. Еуропадағы алпауыт елдердің бірі болып саналатын Германия, Испания, Италия мемлекеттері тарихи-мәдени орындарымен, халықаралық мәселелерді қарастыратын ірі масштабтағы түрлі шараларды ұйымдастыру арқылы әлем туристерін тартуда.


2018 жылдың басындағы есеп бойынша Нұр-Сұлтан қаласында 360 турагент және 81 туроператор ресми тіркелген. Оның басым бөлігі шығу туризмімен айналысады, тек 10%-ы келу туризмі мен ішкі туризмге қызмет етеді. Осыны 2017 жылмен салыстырсақ, турагенттер саны 297-ден 2018 жылы 360-қа артқан, ал туроператорлар саны екеуге азайған [3]. Қазіргі таңда туроператорлар саны сұранысқа сай артуда.

Нұр-Сұлтан қаласында 2018 жыл қонақ үй саласы үшін табысты жыл болмады. Себебі, 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесіне келген туристер саны көп болғандықтан, сәйкесінше қонақ үйлердің туристерге көрсеткен қызметтік көрсеткіштері де жоғары болды.

Мәселен, ішкі туризм бойынша (резиденттер) келген келушілердің саны 2017 жылы 695048 адамды көрсетсе, 2018 жылы 575906 келушіні көрсетіп, 119142 адамға кеміп отыр.

Ал, кіру туризмі бойынша 2018 жылы 191681 турист келіп, 2017 жылғы 294157 көрсеткіштен 102476-ға кеміп отыр. Бұл жерде анықталған ақиқат, ішкі туризм бойынша туристердің қонақ үйде түнеу саны көп. Яғни, шетел қонақтарын ұзақ уақытқа демалдыру үшін біраз жұмыстар (қалалардағы әр ғимараттың орналасуына, әсемдігіне, тарихпен байланысуына мән беру) жасалынуы қажет.

MICE немесе іскерлік және SMART туризмді дамыту шетелдік делегаттардың қажеттілігін жылдам қамтамасыз етіп, олардың келуін ғана емес, сондай-ақ іс-шараға қатысу арқылы ұйымдастырудан пайда табуға, әлемнің жетекші сарапшылары мен экономика салаларының көшбасшыларымен қала мен елдегі нарық сегменттерінің одан әрі өсуіне және дамуына дайындығын көрсету арқылы өңірге инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Мысалы, 2018 жылда елордада қатысушылар саны 200 – 5000 болатын әртүрлі бағыттағы масштабы кең 140-қа жуық іскерлік мақсаттағы-шаралар өткізілді [4].



Сурет 3. Нұр-Сұлтан қаласынан туристер жиі шығатын ондық ел, мың турист (2018 ж. бойынша)

Туристік саланы дамыту дұрыс жолға қойылып, нарықта бәсекегеқабілетті туристік кешен құрылса болашақта Қазақстан әлемге туристік орталық ретінде танылуы мүмкін. Қазақстан халықаралық туристік аренада туристік ел ретінде қалыптаса қойған жоқ, бірақ қолда бар табиғи-мәдени-тарихи ресурсты орынды пайдалану арқылы үлкен мақсатқа қол жеткізу, туристердің қызығушылығын күнен-күнге арттыруға қадам жасау қажет.

Қалалардың ақылды және тұрақты болу әлеуеті, мүмкіншілігі уақыт өте келе арта түседі. Әлемнің көптеген қалаларында, олардың халқының саны мен мөлшеріне қарамастан резидент-бастаушы компаниялардың инновациялық шараларының саны көбейіп келеді. Соңғы жылдары ортадағы бұлт есептеуіш, ашық бағдарламалық-техникалық құралдар, әлеуметтік желілер және ғаламдық төлем платформалары физикалық ресурстар мен персонал саны аз стартаптарды құруды жеңілдетті.

Нұр-Сұлтан 1998 жылы Қазақстанның астанасы болғаннан бері заманауи, инновациялы қала болып есептеледі. Тұрақты даму жоспарын қайта қарауда Үкімет те тұрақты қала қағидаттарын (принциптерін) ілгерілетудің реформасын қабылдады.

Мақсат – өмір сүру сапасын жақсарту және Нұр-Сұлтандағы инфрақұрылымды жаңғыртуды жылдамдату, сонымен қатар оның қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Қала туризмін дамытуда және орталықтандырылған инфрақұрылым қалыптастыруда осы логикалық жүйені есепке алған дұрыс. Қала туризмін дамыту тек қаланы жаңғыртпайды, сондай-ақ әлеуметтік ортаның мәдениетін арттырып, өмір сүру сапасын жоғарлатады, жұмыспен қамту орындарының санын арттырады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы туристік саласының даму перспективалары [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://en.ppt-online.org/328454>

2 Нұр-Сұлтан қаласының статистика департаменті мәліметтері [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz> ақпараттық сайты

3 Қазақстан туристік ассоциациясы мәліметтері [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://www.kaztour-association.com/tourfirms.html>

4 Конгрестер мен конференциялардың халықаралық қауымдастығының рейтингі [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://www.iccaworld.org/>